

# І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

апрель Сейсенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Тәрбиелеу

Төмінің председатели Бойконы «таңдаулы бірі» деген пікірден тай жүр.

партия комитетінің кадрларды іріктеп ісіндегі үлкен кемалды. Ауданда кадр айды, әсіресе, ауданінің номенклатурасы ткерлерді тәрбиелеу ғысыз.

ды бағалай білу, деп адас, мәпелеп өсіре ызметкерлердің жақсы ың да жете білу қақандай қызметте не көрініп, жақсы нәтилу қажет, ақырында, кадрлардың өсіп толықтармен қажымай-таларды деркөзінде баотыру және әрбіртен жұмыс орнындағеннің бәрін беретінндамын деп сезетінуды керек.

руашылық қызметкер большевиктік тәрбие систік-лениндік білімдың шешуші маңызы

Май мерекесі қарсаңында



Петропавл паровоз депосының слесарі П. Кокорин Бірінші Май күрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін 300 процент орындап жүр.

СУРЕТТЕ: әзірлеу цехының шебері П. Ленин (оң жақта) мен П. Кокорин жөнделген түтін тартқыш доңғалақтың сапасын тексеріп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Озат цехта

Естеріңізде болсын, жолдастар, қыйыншылықтан қорықпайтын, қыйыншылықтан қаймығып жасырынбайтын, қайта соларды жеңу үшін, жою үшін қыйыншылықтарға қасқайып қарсы шабатын кадр ғана жақсы кадр болады,

И. СТАЛИН.

## Мал қыстатуды үлгілі аяқтауға барлық күш—мүмкіншілік жұмсалсын

★ ★ ★  
Өз ісін жете меңгергендер

Бұзау өсіруде жыл сайын күрделі табыстарға жетіп келе жатқан мал өсірушілер облысымызда өте көп. Мәселен, Мамлют ауданындағы «Завет Ильича» колхозының таңдаулы бұзаушысы Е. Бошәзіне бекітіліп берілген бұзауларды бірнеше жылдан бері шығынсыз өсіріп жүр. Ол жеті жылдай уақыт бойына үнемі бұзау бағып келеді. Бұл мерзім ішінде ол колхозға 665 бұзау өсіріп берді. Осы сыяқты, Ленин ауданындағы «Советский» колхозының бұзау күтушісі В. Стрельникова, Полудень ауданындағы «Парижская Коммуна» колхозының бұзау күтушісі Л. Васиненок және Соколов ауданындағы «Победа» колхозының бұзау күтушісі У. Леонтьевалар да өз істерін жете меңгеріп, мал шаруашылығында келелі табыстарға ие болып жүрген мал өсірушілер. Аталған бұзаушылар көзірті, мал қыстатудың аса жауапты кезінде бұзау күтуді ойдағыдай ұйымдастырып, қарамағындағы бұзауларды күйлі және шығынсыз өсіріп келеді.

Барлық малдар сыяқты, бұзауға да ерекше күтім керек. Үнемі жақсы күтімде ұстау ғана оларды шығынсыз өсіруге

болады. Бұзау күтушілер әрбір бұзауды туған күннен бастап, тыңғылықты күтімге алады. Мәселен, «Завет Ильича» колхозының бұзаушысы Бош бұзауды туысымен жем жеуге, сүт және су ішуге үйретеді. Ол жаңа туған бұзауға бір сағаттан кейін сүт ішуге үйретеді. Алғашқы күндерде ол бұзауға тәулігіне 4-6 рет сүт береді. Ал, бұзау есейгеннен кейін күн сайын үш рет сүтпен және сумен суарып отырады. 10—15 күн өткен соң Бош және басқа да сауыншылар бұзауды жемшөп жеуге үйретеді.

Бұзаушылардың қай-қайсысы болсын бұзаудың жемшөпті тоя жеуіне ерекше назар аударады. Осыған сәйкес, олар бұзауларға күні бұрын әртүрлі құнарлы азықтар әзірлеп қояды. Осы арқылы жаз шыққанша бұзауларға құнарлы жемшөп беріліп отырылады. Әртүрлі жемшөппен азықтандырылған бұзау тез жетіліп, күйлі өседі. Жоғарыда аталған бұзаушылардың әрқайсысының қарауындағы бұзаулар жазға қонды болып барады. Қыстан күйлі шыққан бұзау жазда да қонды болып өседі.

Көктем кезінде бұзау күтушілер таңер-

лар еркін оттай алмайды. Бұл күндері бұзау салқын жерлерде, ағаш қойнауларында бағылады. Ал, мұндай жайылымдар болмаған жағдайда олар бұзауды қолдан азықтандырады. Бұл үшін олар бұзауды қолда бағып, көк шөп және жем береді.

Озат бұзау өсірушілер бұзауларды уақытылы азықтандырумен бірге, оларға зоотехникалық, малдәрігерлік байқауды да жиі-жиі жасап тұрады. Ауырған, немесе жүдеуге айналған бұзаулар болса, оларды дереу оңаша күтімге алады да, тез оңалтып отырады. Міне, осы шараларды мінсіз жүзеге асырып, бұзау өсірушілер бұзауды жыл бойына жақсы күтімде ұстайды да, оларды түгел табынға қосады.

Үстіміздегі жылы аталған бұзаушылар бұзауларды шығынсыз өсіру жолындағы социалистік жарысқа қызу ұштасып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Олар кәзір өздерінің бұл сәртін аброймен орындап келеді. Олардың бірде-бір бұзауы шығынға ұшыраған емес. Озат бұзау өсірушілер бұзауды салқын жерде күту әлісін де ойдағыдай меңгеруде. Об-

Совет атқомі оны басқа қызметке ауыстырып жібере қояды ойланды. Сонымен, ол аудандағы идеологиялық тәрбие жұмысының негізгі бір саласы — мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын басқаруға тағайындалды.

Саяси сауатсыз, мәдениет дәрежесі төмен, оған қоса, іске жауапкершілік сезімі жоқ Бойконның «басшылығы» салдарынан ауданда мәдени-ағарту жұмысы нашарлап барады. Солай бола тұрса да, аудандық партия комитетінің секретары

келтіріп, кадрларды мүлде құртуға апарып соғатын қателіктердің тууын жеңілдетеді».

Партия ұйымдары өздерінің барлық жұмысын жақсарты отырып, коммунистік құрылыстың барлық салаларында большевиктік партия мен совет үкіметі және көсеміміз Сталин жолдас қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз ететін адал, іскер, принципшіл кадрларды тәрбиелеп өсіруге міндетті.

00

## И. В. Сталиннің Индия елшісі С. Радхакришнан мырзаны қабылдауы

5 апрель күні ССРО Министрлер Советінің Председателі И. В. Сталин Индия елшісі С. Радхакришнан мырзаны қабылдады.

Қабылдауға ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский қатысты.

## Гидропроектінің бастығы, Еділ-Дон су жолы құрылысының бас инженері С. Я. Жук жолдаспы ЛЕНИН орденімен наградау туралы

### ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Гидропроектінің бастығы, Еділ-Дон су жолы құрылысының бас инженері С. Я. Жук жолдасының туғанына алпыс жыл толуына байланысты және гидротехникалық құрылыс саласындағы оның сіңірген еңбегі атап көрсетіліп, Сергей Яковлевич Жук жолдас Ленин орденімен наградалсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ШВЕРНИК.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль. 1952 жыл, 5 апрель.

## И. В. СТАЛИННИҢ БҚ(6)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ПАРТИЯНЫҢ XVII СЪЕЗІНДЕ ЖАСАҒАН ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ ТӘЖІК ТІЛІНДЕ БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ

СТАЛИНАБАД, 2 апрель. (СОТА). Тәжік ССР-нің Мемлекеттік баспасы И. В. Сталиннің БҚ(6)П Орталық Комитетінің

жұмысы туралы партияның XVII съезінде жасаған есепті баяндамасын тәжік тілінде басып шығарды.

## Краматорск машина жасаушыларының жаңа өнімі

Краматорск, 2 апрель. (СОТА). Бүгін Жаңа Краматорскінің Сталин атындағы заводында шырдайтын қуатты пресс жасау аяқталды. Бұл пресс жаңа типті ұста цехтарын жабдықтауға арналған. Осындай престі жасап, жұмыс істеуге өзіндігі үшін біртүп ғалымдар мен инженерлерге Сталиндік сыйлық берілді.

Краматорскінің машина жасаушылары бірінші тоқсанда жаңа типті 10 машина және механизмдер жасады. Олар металлургия үшін құю крандарын жөнелтті. Ол крандар салмағы 360 тоннаға дейін шөміш металл көтере алады. Су электр станциясының құрылысшылары үшін қуатты көтергіш механизмдер жасалды.

те оұл табысқа науқан басынан бері өнімді еңбек ету арқылы жетті. Жөндеу жұмысында И. Родионов, Кокорин және Мозгунов сыяқты жекелеген тракторшылар стахановша еңбек етті де, сменалық тапсырмаларын үнемі 150 проценттен орындап отырды.

В. СНИБСКИЙ.

# Сталиндік сыйлықтың лауреаттары

Совет халқы 1951 жылғы еңбектері үшін Сталиндік сыйлық алған көрнекті ғалымдарды, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің даңқты жаңашылдарын, әдебиет, музыка, живопись, архитектура саласында аса дарынды шығармалар бергендерді, театрларда ең жақсы постановкалар қойғандарды және кино жасаушыларды құттықтауда.

Сталиндік сыйлықтың жаңа лауреаттарының қатарында Советтік Қазақстанның ғалымдары, тәжірибеші-жаңашылдары, искусство қайраткерлері де бар. Шымкенттің М. И. Калинин атындағы пресс-автомат заводының инженерлері А. Л. Борисов, В. А. Ружейников, А. И. Сопляков, цех бастығы Л. П. Веревкин шариктерді және роликтерді ыстық және суық күйінде өңдейтін мол өнімді бүрделі автомат жасағандары үшін жоғары награда алды.

Совет елі — творчестволық еңбек елі. Қарағанды теміржолындағы Курорт Бурабай депосының машинисі Н. С. Милейкоға өндіріс жұмысының әдістерін жетілдіргені үшін, паровоздың жөндеу-аралық жүрісін арттыруды қамтамасыз еткені үшін Сталиндік сыйлық берілді. Н. С. Милейко — локомотивтерді мол өнімді пайдаланудың мастеры. Ол СО-к сериялы № 19—3057 паровозды 11 жылдан бері жүргізіп келеді. Сөйтіп, техникалық норманы асыра орындады, локомотив 925 мың километрден аса жол жүрді, жөндеуден тыс 500 мың тоннаға жуық жүк тасыды. Механизмдерді күтін ұстаудың нәтижесінде оның бригадасы паровозды 3 рет күрделі жөндеуге, 4 рет заводтық орта жөндеуге өткізбестен жұмыс істеп келеді және бірнеше жуып жөндеуді өздері атқарды.

Ақмола облысының Қ. Б. Бабаев атындағы Шортанды ауылшаруашылық станциясының бөлім меңгерушісі советтік атақты селекционер-мичуринші В. П. Кузьминге қажырлы еңбегі үшін Сталиндік сыйлық берілді. Ол көп жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде колхозшылармен тығыз ынтымақтастық арқылы бидайдың, арпаның, күнбағыстың беденің, картоптың 26 жаңа сортын өсірді.

Бүкілодақтық өсімдік шаруашылық институтының ғылыми қызметкерлері Е. А. Малюгинге және М. С. Коликовқа, Бүкілодақтық өсімдік шаруашылық институтының Аралдағы тәжірибе станциясының лаборатория меңгерушісі А. И. Миловзоровқа және осы станцияның директоры П. А. Малюгинге Батыс Қазақстанның құмды шөлейт жерін өсімдік шаруашылығы үшін игерудің әдісін тапқандары үшін Сталиндік сыйлық берілді. Жаңашыл ғалымдар колхозшылармен тығыз ынтымақтасып, шөл даланың аса қатал жағдайларында тарының, картоптың, пияздың, қыярдың және басқа дақылдардың мол өнімді сорттарын өсірді. Ғалымдардың бұл зерттеу жұмыстары Сталинград және Түркмен каналдарының салынуына байланысты ерекше маңызы бар. Осы ұлы құрылыстарға өсімдіктердің көптеген сыналған және іріктеліп алынған қуаңшылыққа

Ташт. О.  
«Бостандық» (дань) соңғы ісінің біраз жесінде мал артып келеді. Мұнымен редакцияға

төзімді тұқымды төбе табу, өсімдіктер орларда өсіп жұмыстары

Қазақстан ірінің — ақдін, композиция жұртшылығы

Қазақтың Абай Құнанбай Қойғаны ұстама драма театры Қазақ ССР

қа, Қ. Бад Қожамқұлов Өмірзақовқа ген артисті суретшісі І сыйлық берілді.

Соңғы жобасы Отан өлкелері жаңа киноочментті фильмдердің іші

фильмі құрде республикалары, олар сөзілген. О ішінде Алматы раторлары

Фроловқа Советтік ырынды шығаға арналның консеция жас комп Сталиндік

Афанасьевты еді. Ол ра кіріспес Отанымызды

# Ишпандық шығармасы

ша аудармасының жарыққа шығуының 80 жылдығына)

армысы халықтарын, олардың теріске шықса да мықтап өріптеген сөзін өкертті.

көзқарасқа өмір сүретін, даму сырына қоғам орнату жасап, протудың қажетін оймайтындығын бегінде капиталистік бір сыяқты нәтижеге дамуының коммунизмге ортаңды нәрсе

заңдылықтар арқылы қорынып, капиталистік системасын қоғамын революцияға қажеттігін қоғамның бір жағын жатқандығын, еңбек моральдік жататындығын

ен еңбектің көрі күшті әлі де жас, американы қабыршы Маркс өсу, тонау, не кісі өлтірілгенін көрсетті

дамуының өлденуі және

(И. В. Сталин, Шығармалар, 6-том, 87 бет). Барлық елдерден гөрі Россия революцияға жақын еді. XIX ғасырдың аяғында-ақ революциялық қозғалыстың орталығы Россияға ауысты.

Ленин мен Сталин Маркстің мәңгі өмір сүретін еңбегін жас кездерінде-ақ терең үйреніп алып, өздерінің революциялық қызметі басталысымен Россиядағы экономикалық және саяси өзгерістерді, тап күштері орналасуын зерттеуде революцияның қозғаушы күштерін, Россияның халықаралық көлемде алатын орны мен ролін анықтауда «Капиталдың» қағидаларын творчестволықпен қолданды.

Ленин Самарда тұрған кезде «Капиталдың» идеяларын насихаттап қана қоймай, осы идеяларды Россияның экономикалық дамуын зерттеуде шеберлікпен қолданды. Сталин жолдас та жас шағында «Капиталды» терең оқып үйренді. Ал, 90 жылдардың аяғында Маркс идеяларын кеңінен насихаттап, марксизмді және оның экономикалық ілімін көпшілікке таратты. «Капиталдың» қорытындыларын Россияның, әсіресе, Закавказьеінің экономикалық жағдайын зерттеуге творчестволықпен қолданды.

В. И. Ленин мен И. В. Сталин творчестволық марксизм жолын ұстап, оны байыта отырып марксизмнің жеке формулалары мен қорытындыларын қоғам дамуының жағдайлары өзгеруіне қарамастан «ешуақытта» өзгермейтін догматтардың жыйнағы деп есептейтін талмудшыл қарилерге қарсы аяусыз күрес жүргізді.

В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің ланишпандық еңбектері марксизмді жұмысшы табының пролетарлық революциялар дәуіріндегі революцияшыл күресінің тәжірибесінен шыққан жаңа маңызды қағидалармен, қорытындылармен байытып творчестволық дамуының үлгісі болып

Капиталистік және социалистік дүниелердің қарама-қарсылығы көзіргі кезде бұрын сонды болып көрмеген дәрежеде тіпті күшті көрініп отыр. Социалистік дүние азат халықтардың творчестволық күштерін ақтарып, бейбітшілік жасампаз еңбек табыстарында, коммунизмнің ұлы құрылыстарында, табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарын табыспен жүзеге асыруда, еңбекшілердің әл-ауқатын үнемі көтере беруде, ғылым мен мәдениеттің адам айтқысыз гүлденуінде өзінің өмірге бейімділігін әбден көрсетті.

Империализм лагеріндегі жағдай мүлде өзгеше. Мұндағы қайшылықтар мейлінше шиеленісе түсті, халық бұқарасының қайыршылануы, буржуазиялық мәдениеттің азғындануы күшейді.

Монополистік капитал өз заманында адамзатты адам айтқысыз азапқа салды, он миллиондаған адамдарды қазаға ұшыратты және орасан көп байлықты рәсуе қылды. Капитализмнің әлде де өмір сүре беруі адамзат үшін ағыл-тегіл аққан қанға, аштық пен қайыршылыққа, ідетке түсіп отыр.

Американың империалистері өздерінің дүниежүзілік үстемдігін орнатудың есуас жоспарын жүзеге асыру үшін халықтарды жаңа дүниежүзілік соғыс сумдығына душар етуді көксеп әлектенуде. Бұл империалистер өздерінің бейбітшілік пен барлық елдердің халықтарының бостандығына қастығын «коммунизмге қарсы күрес» деген атпен бүркемеленіп жүзеге асыруға тырысуда. Империализм идеологтары марксизм-ленинизмнің ұлы ілімін балағаттауды көздеп Маркстің-Энгельстің-Лениннің-Сталиннің мәңгі өмір сүретін ұлы идеяларына қарсы жүгенсіздікпен науқан ашуда.

Бұдан бұрын болып өткен реакцияшыл үкметтер де марксизмді жойып жібереміз деп сан рет босқа әлектенгенде. Марксизм



Қазақ ССР-нің депутаты дәрігер Г. Соколова Петропавл емханасының 1-терапевтика бөлімін басқарады.

СУРЕТТЕ: Галина Николаевна Соколованың таңертеңгі уақытта ауру адамды қабылдап отырған кезі. Ортада медицина сестрасы А. Воронова.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Мектептер емтиханға әзірленуде

Мектептерде кластан-класқа көшіру сынағын және емтихан алуға әзірленетін уақыт жетті. Қаланың барлық мектептерінде педагогикалық советтерде жазғы емтиханға әзірлену жоспары бекітілді. Емтиханға әзірленетін арнаулы бөлмелер, мүйістер жабдықталуда, оларда әдеби кітаптар, газет кесінділері бар. Қабырға газеттері шығарылып, оларда емтиханға жақсы әзірленушілердің тәжірибелері көрсетілуде. Бұл бөлмелер мен мүйістерде оқытушылардан кеңес алып отыруға бо-

## ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТИ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ М. А. ЯСНОВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ ҚАБЫЛДАУ ЖАСАДЫ

6 апрель күні еңбекшілер депутаттары Москва қалалық Советі атқару комитетінің председатели М. А. Яснов Халықаралық экономикалық кеңеске қатысушылардың құрметіне қабылдау жасады.

Қабылдауда шет мемлекеттерден Москваға келген Халықаралық экономикалық кеңеске қатысушылар болды.

Сол сыяқты, қабылдауға ССРО Сауда палатасының Председатели М. В. Нестеров және Халықаралық экономикалық кеңестің жұмысына қатысушы совет өкілдері, астана жұртшылығының өкілдері, ғылым, әдебиет және искусство қайраткерлері, совет шаруашылық ұйымдарының өкілдері қатысты.

Қабылдауға совет және шетел баспасөз өкілдері қатысты. Қабылдау достық жағдайда өтті.

(СОТА).

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 6 апрель. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 6 апрель күні Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, Бұрынғы шептерде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит артиллериясы және жау самолетін аңдып атқыштар отрядтары душанның 4 самолетін атып түсірді.

Ф. Энгельс «Капиталдың» I томы шығуға байланысты капиталистер мен жұмысшылар дүниеде өмір сүре бастағанын бері жұмысшылар үшін «Капиталдай» зор маңызы бар бірде-бір кітап шыққан емес деп жазды.

Орыстың революцияшы интеллигенциясы, Ленин айтқандай, асқан қуат және жаңғырлық ерлігімен дұрыс революцияшы теорияны құмарлана іздеді, өз халқын патша өкіметі езгісі мен жартылай крестостниктік бұраудан азат етудің жолын табуға тырысты. Олар орыстың қоғамдық азат ойын көтерген мәселелерге «Капиталдан» жауап табуға әрекеттенді.

«Капиталдың» жарыққа шығуы Россияда капитализмнің өз күшіне кіріп жылдамдатып дамып бастаған кезеңмен, елдегі тарихи бет бұрыс дәуірімен ұштас-ты. Қала мен деревняда таптық құрылыс өзгеріске ұшырап, шаруалар жіктеліп, құлақтар бөлініп шығып деревня пролетарлары мен жартылай пролетарлардың саны көбейіп жатты. Капиталистермен күрес жүргізе бастаған өнеркәсіп пролетариаты шықты. Жұмысшылардың жан-шылдамастық қаналуынан өткен ғасырдың 70, әсіресе 80 жылдарының өзінде-ақ стихиялы етәчкалар мен забастовкалар болып жатты. Жұмысшылар өздерінің жағдайын жақсартуды талап етті. 70 жылдарда жұмысшылардың «Оңтүстік Россиялық одағы» және «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағы» сыяқты жұмысшылардың алғашқы ұйымдары шықты.

Бірақ, сол кезде өз жұмыстарын бүтіндей шаруалардың тағдырымен байланыстырған революцияшы интеллигенция пролетариатқа және оның тап күресіне назарын аудара қоймады. Халықшылар есті революцияшы күш шаруалар деп есептеді, олар жұмысшы табы қоғамының ең революцияшы және ең алдыңғы қатардағы табы екендігін түсінбеді. Де-

кайтыс болғаннан кейін «Капиталдың» II және III томдарын өңдеп шығару ісін оның ең жақын және сенімді серігі Ф. Энгельстің жүзеге асырғаны жұртқа мәлім. «Капиталдың» капитал айналымының процесін зерттеуге арналған II томы Россияда 1885 жылы, ал, капиталистік өндіріс процесін түгелдей зерттеуге арналған III том—1896 жылы шықты.

«Капитал» 80 және 90 жылдар басқаларға қарағанда, маркстік үйірмелерде әсіресе «Жұмысшы табын азат ету одағы» ұйымдарында кең тарады.

Буржуазия оқымыстылары Маркс пен Энгельс түсында-ақ «Капиталды» балағаттап жамандап бақты. Буржуазияның жалдамалы профессорлары капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі жөніндегі Маркстің қағидасын теріске шығарып, капитализмнің мәңгілік екендігін дәлелдеуге тырысты. Олар басты соққыны Маркстің экономикалық теориясының ірге тасы—қосымша құн туралы ілімге қарсы бағыт тады. Марксизмді және оның экономиялық теориясын бұрмалауға тырысқан реформистер, II интернационалдың оппортунистері осындай жүгенсіз көткен жалған ғалымдарға үн қосты.

Маркс пен Энгельстің мәңгі өмір сүрерлік идеяларын қорғау ісін Ленин мен Сталин қолға алды. Ленин мен Сталин Россиялық және халықаралық оппортунизммен аяусыз күресте марксизмді қорғап қалды және дамытып жаңа сатыға көтерді. Ленин мен Сталин Маркстің экономикалық ілімін де дамытып алға апарды.

XIX және XX ғасырлардың аралығында капитализмнің жаңа, империалистік дәуірі басталды. Россия империализм қайшылықтарының түйінді жеріне айналды. Сөйтіп, «кімде-кім патша үкіметін ұрғысы келсе, ол империализмге сөзсіз қол жұмсады, кімде-кім патша өкіметіне қарсы көтеріліс жасаса, ол империализмге де қарсы көтеріліс жасауға тиіс болды»

лизмнің барлық қайшылықтары мейлінше шиеленіскен дәуірдегі капитализмнің жалпы дағдарысының теориясын жасап шығарып, жеке алынған бір елде социализм орнату мүмкіншілігі жөніндегі лениндік ілімді ілгері дамытты. Ұлы көсеміміз елімізде коммунизм орнату мүмкіншілігін дәлелдеп, большевиктер партиясын, совет халқы коммунистік құрылыстың данышпан программасымен қаулап алды.

Маркс пен Энгельстің кейбір пікірлері не сүйеніп, марксизмнің экономикалық ілімін творчестволықпен дамыта отырып, Ленин мен Сталин социализмнің саяси экономиясын жасады, социалистік қоғам құрылысының нақтылы жолдары мен формаларын белгіледі, социалистік экономиканың заңдылықтарын ашты, пролетариат диктатурасының социалистік экономикадағы ролін анықтады. В. И. Ленин мен И. В. Сталин коммунистік қоғам орнатудың жолдары туралы тұтас, толық ғылым жасап шығарды.

«Капиталдың» Ленин мен Сталиннің данышпан еңбектерінде байтылып дамытылған мәңгі өмір сүрерлік идеяларының дұрыстығын Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі, елімізде социализм орнатып коммунистік қоғам құрудағы бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістер әбден дәлелдеді.

Капитализмнің құрымай қоймайтындығы жөніндегі Маркс пен Энгельстің данышпан болжауы үстіміздегі дәуірде тіпті күшті дәлелденіп отыр. Совет Одағының Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуы нәтижесінде Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның бірқатар елдері империализм жүйесінен шығып қалды, ұлы қытай халқы империализм бұрауын бұзып шығып, өзінде бақытты өмір орнатып жатыр. Ленинизмнің идеялары капиталистік, отар және тәуелді елдердің халықтарын ұлттық және әлеуметтік азаттық жолындағы империализмге қарсы күресте жігерлендіруде.

Марксизм-ленинизм кәзірде Еуропаның, Американың, Австралияның, Азияның, Африканың жүз миллиондаған адамдарының бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы жеңімпаз күресуі болып отыр. Жолдардың бәрі коммунизмге әкелетініне жүз миллиондаған адамдардың көзі жетті. Американың ағылшын империалистері қаншама есінен танып аласұрса да, қандай қанды әрекеттерге ұрынса да империализмнің күйреуін тоқтата алмайды.

Маркстің капитализмнің сөзсіз құрылыстылығы, коммунизмнің жеңіп шығатындығы, капитализмді көрге түсіруші және жаңа коммунистік қоғам орнатушы ретіндегі жұмысшы табының бүкіл дүниежүзілік тарихи ролі туралы ілімінің ұлы күші мен өмір сүргіштігі совет халқының бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерінде, Ленин — Сталин партиясының басшылығымен социализмнен коммунизмге өтудің табыспен жүзеге асырылып жатуында бейнеленіп отыр.

Марксизм-ленинизм салтанатын халықтық демократия елдерінің социалистік құрылыстағы зор табыстарынан, азат қытай халқы жүзеге асырып жатқан демократиялық ұлы өзгерістерден көруге болады. Совет Одағы бастаған бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің қуатты қарқымен өсуі де марксизм-ленинизм идеяларының жеңімпаздығын көрсетеді.

Бүкіл дүние жүзінің жүз миллиондаған адамдары марксизм-ленинизмнің жеңімпаз туы астында империалистік құлдыққа қарсы, дүниежүзілік соғыс өртінен тұтандырушыларға қарсы күрес жүргізіп жатыр.

Миллиондаған бұқараның бұл жеңімпаз күресін Маркстің-Энгельстің-Лениннің ісін бұжықтай алға апарушы—адамзаттың кемелгері ұлы Сталин бастап отыр.

Н. САМОУКОВ.

сату үшін сағатына

ды мұз дайындап  
Тез бүлінетін про  
сақтау үшін азық-т  
кәзірдің өзінде 25 т  
орнатылды. Жуырда  
шкаф алынды. Қала  
нің қоймасына 2 то  
зытқыш шкаф және  
тын 2 тоңазытқыш  
Қалалық сауда ме  
де 1000 текшеметрде  
мұз дайындады. Жу  
мұз сататын 2 сауда

## Дәрігерлік п

Булаев ауданында  
ауылшаруашылық а  
жылы жаңа дәрігерл  
Дәрігерлік пункттің  
жолдас әрбір бригад  
шыларды дәрігерлік  
камтып отырады

## Редакция

## Медицинал ашылс

Жамбыл атындағы  
артелі ауданыдағы ең  
дардың бірі. Өзінің  
лық интеллигенцияс  
мамандары бар ар  
лық пункттің болуы  
Өйткені, біреу-міреу с  
лес Ленин атындағы  
циналдық пунктіне ат  
баруға тура келеді. А  
колхоздан едәуір алы  
Келешекте біздің қ  
лық пункт ұйымдасты

Октябрь ауданы

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың  
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс еті